


**2024 жылдың қаңтар айындағы
іскерлік белсенділік туралы
ҚРҰБ ақша-кредит саясаты департаментінің директоры
Рүстем Оразалиннің түсіндірмесі**

Қаңтар айында іскерлік белсенділік индексі **49,7** белгісіне дейін көтерілді.

Қызмет көрсету секторындағы көрсеткіштің жақсара түсуі индекстің динамикасына әсер етті. Мұнда индекс өсу аймағына өтіп, **50,6** (2023 жылғы желтоқсанда – 48,1) құрады. Өндірісте де көрсеткіш **50,5-ке** дейін (2023 жылғы желтоқсандағы 51,7-ден) төмендегеніне қарамастан, оң аймақта болды.

Тау-кен өндіру өнеркәсібі мен құрылыста іскерлік белсенділік төмендеді. Мұнда индекстер тиісінше **45,7** және **46,8** болды (2023 жылғы желтоқсанда – тиісінше 49,8 және 46,6). Тау-кен өндіру өнеркәсібіндегі тауар-материалдық қорлардың көлемінен басқа, барлық құрауыштар бұл секторларда нашарлады.



Қазіргі және болашақ бизнес жағдайларды бағалау көрсеткіші айтарлықтай өзгерген жоқ. **Қазіргі және болашақ** бизнес жағдайларды орташа бағалауды білдіретін **бизнес-ахуал индексі 9,1** (2023 жылғы желтоқсанда – 9,2) болды.

Толығырақ: <https://nationalbank.kz/kz/page/indeks-delovoy-aktivnosti-po-kazahstanu-ida>